


# ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДУЛЫ



**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТӘН САУЛЫҒЫ**

ӘОЖ 811.512.122  
КБЖ 81.2 Қаз-3  
Д 64

Кітап Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен жарық көрді

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесі мақұлдаған

Жауапты редакторы Ғарифолла ӘНЕС,  
филология ғылымдарының докторы

**Досмұхамедұлы Х.**

**Д 64 Еңбектері: Екінші том. Тән саулығы/Құраст. проф. Ғ.Әнес.** – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 496 бет.

ISBN 978-601-291-363-7

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі, профессор Халел Досмұхамедұлының (1883 – 1939) шығармашылығының толық жинағы – «Еңбектерінің» үш томдығы тұңғыш рет жарық көріп отыр. Ғалымның таңдамалы жинағының екінші томын оның XX ғасырдың басында жарық көрген «Адамның тән тірлігі» және «Табиғат тану» атты оқулықтары құрап отыр. Араға ғасыр салып қайтадан ортамызға оралып отырған бұл араб қаріпті алғашқы қазақ оқулықтары бүгінгі жоғары мемлекеттік мәртебеге ие тіліміздегі анатомия мен табиғаттану саласына қатысты пән сөздердің қалыптасу тарихын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге жаңа терминдердің пайда болуына да негіз болары сөзсіз.

Кітап қазақ руханиятымен қызығушы әрбір жанға, әсіресе студенттерге, магистранттарға, жас мамандарға арналады.

ӘОЖ 811.512.122  
КБЖ 81.2 Қаз-3

ISBN 978-601-291-363-7 (2-том)  
ISBN 978-601-291-360-6

© Досмұхамедұлы Х., 2017  
© Құраст. Ғ.Әнес, 2017  
© «Арыс» баспасы, 2017

## ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Аумалы-төкпелі ғасырлық жолды кешіп өтіп, өз заманынан асып туған озық ойлы оқымысты, энциклопедист-ғалым Халел Досмұхамедұлының жаратылыстану ғылымы саласындағы өшпес мұралары халқымен қайта қауышып отыр.

Оның қос оқулығы – «Адамның тән тірлігі» («Анатомия») мен «Табиғат тану» еңбектері тұңғыш рет араб қаріпті төте жазудан толықтай қотарылып, жүйеленіп, көпшіліктің көзайымына айналуына нәсіп болды.

Халелтанушы ретінде біз Алаш арысының тәржіме халін (ғұмырнама-сын) төрт кезеңге жіктеп, 1921-28 жылдар аралығындағы аз ғана өнікті, жемісті тағдыр-үзігін оның «ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары» деп айшықтаған болатынбыз.

Аталмыш қос оқулық – ғұлама ұстаздың қамшының сабындай өмір белесінің асыл жәдігері; бірі – қазақ ғылым-біліміне өлмес олжа салған қазыналы жылдардағы қанатқақтысы, төлбасы туындысы болса, екіншісі – толған, толысқан зерделі зерттеушінің, қаламы әбден ұшталып, қазақтың ғылым тілі мұхитында кемесін еркін жүздірген қаламгердің соңғы іргелі еңбегі. Соңғы дейтініміз – 1927 жылы Мәскеуден басылып шыққан «Анатомияның» титул бетіне проф. Х.Досмұхамедұлы өз қолымен «Бірінші басылымы» деп жазып қойған; яки қолжазба баспаға тапсырылған соң оның жаңа нұсқасы әзірленген. Өкінішке орай, 1928-29 жылдары Қазақстанда «кәмпеске» науқаны басталып, кезінде В.И.Лениннің өз қолымен бекіген қазақ зиялыларына қатысты амнистияның күші жойылды; Алаш қайраткерлері жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, оның арты геноцид-трагедияға – алапат аштыққа ұласты. Осылайша 1929 жылдан бергі дәуірде (күні кешегі 1989 жылға дейін) бірде-бір Алаш зиялысының бірде-бір кітабы баспа бетін, жарық дүниені көрмеді...

Тұңғышы («Табиғат тану») туралы автордың өзі: «Ғылым ретінен кітап жоқ болған соң Қазақ-қырғыз институтының шәкірттерінің өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр... Термин табу бек қиын, сөйткенмен қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық... Кітап асығыс жазылған соң... Қазақ тілінде бірінші рет шығатын ғылым кітабы болған соң қателері көп болар...», – деп алдын ала ескертпе жасаса, соңғы «Анатомияға» жазылған «Сөз басында»: «Адам денесі толық болып док-

торлыққа даярлайтын жоғары дәрежелі медреседе тексеріледі... Бұл кітапта адамның дене түзелісі туралы, мүше тірлігін тану туралы қысқаша болса да толық түсінерлік қылып айтылады», – дегенді үстіне үстемелеп, «Дененің сау болуы мен мүшелерінің жұмыс қылу жағдайларын айтатын білімді «денсаулық сақтау» не «гигиене» деп атайды... Адамның саулығын сақтау туралы өз алдына бөлек кітап сөйлеу керек», – деп алдағы жоспар-мақсатынан да сыр білдіре кетеді.

Кім білсін, астана Петерборда оқыған-тоқығанын, жиған-тергенін қандастарына аманаттауға асыққан есіл ер айдаудағы азапты жылдарында жаңа туындыларын жазған да шығар, жарық көрген еңбектерін түзеп-күзеп, толықтырған да шығар... Бірақ, оның бәрі біз үшін ғасырлық жұмбақ, орны толмас өкініш...

Оқулықтарының біріне жазған алғы сөзінде Халекеңнің алдан тосқан тағдыр-тауқыметті жүрегі сезгендей болып, латыншалап «Қолдарыңнан келсе, арттырыңдар» дегені бар. Бүгінгі біздің де айтпағымыз сол: «Оқыңыздар, зерделеңіздер, зерттеңіздер және де қажеттісін алып, кәдеге жаратып, қазақ тілді ғылым-білімнің абыройын арттырыңдар»!

\* \* \*

Белгілі бір ескерткіш-мұраны көп назарына ұсыну – оны бір таңбадан екіншісіне жалаң көшіре салу емес. Оның бойындағы көненің көзі ескіліктерді сақтай отырып, мәтінді оқуды тым күрделендіріп, ұсақ-түйек сәйкессіздіктер қалың оқырманның қолына байлау, көзіне кедергі болмауын да ескеру қажет. Сондықтан осы орайда мұратанулық жаңа жүйе қалыптастыра отырып, оқырманға мына жайттарды ескертеміз.

- Ұяң **б** жазылатын орындарда қатаң **п** таңбаланды (*барыб, келіб; айтбады, кетбеді; құлаңбен, тасбен*).

- Жарты дауысты **у, й** дыбыстарының қос таңбалы **үу/уу, ый/ій** түрлері жалаң **у, и** түрінде алынды.

- Есімшенің **-тын/-тін** жұрнағы **-түн/-түн** түрінде (*баратүн, келетүн*), жіктік жалғауының 2-жағының тұлғасы **-сын** (*сен барасын*) түрінде жазылса да қазіргі емлеге сәйкестендірілді (*баратын, келетін, сен барасың*).

- Орыс тілінен енген таңбалар: **ь, ъ, э, ю, я, ч, щ, ц** мүлдем қолданылмады, арнайы орыс әріптерімен жазылған жағдайда өзгеріссіз қалдырылды.

- Көптеген араб тілді төркіндес сөздердің басындағы **х, һ, ғ** әріптерінің таңбалануы үнемі сақтала бермеді, олар жарыспалы қолданған жағдайда көбінесе қазіргі нұсқаларына жіп тағылды (*қайла – айла, ғаділдік – әділдік, ғазап – азап, ғайал – әйел, т.с.с.*).

Бүгінгі оқырманның түсініп оқуына мүмкіндік туғызу мақсатымен тыныс белгілерін көп жағдайда өзіміз қойдық. Ұзақ сөйлемдердегі нүктелі үтірлердің (;) көпшілігінің орнына нүкте қойылып, сөйлемдер бас әріптерден басталатын болып бөлінді.

**проф. Ғарифолла ӘНЕС**